



Саңырауқұлақтар, актиномицеттер морфологиясымен танысу.

Саңырауқұлақтар эукариотты организмдерге жатады, мицелиалды құрылымға ие. Олар жынысты және жыныссыз жолмен көбейеді. Саңырауқұлақтарды зерттеу кезінде «жаншылған тамшы» препараты қолданылады. Заттық шыныдағы су тамшысына сірке қышқылын тамызып, оны араластырады. Сірке қышқылын саңырауқұлақтардың конидийлері сумен нашар суланатындықтан қосады. Бактериологиялық иненің көмегімен колониялардың агарсыз аймағын алады да, тамшыға салып, мицелийлерін ақырын жаяды, жабынды шынымен жауып, 8х, 40х объективтерімен, микроскоппен қарайды. Колонияларды микроскоптау кезінде мицелийдің бөлінуіне, спорангийлердің құрылысына, спора пішініне назар аударады және мицелий диаметрін анықтайды.



1
Мукор









2
Пеницилл






3
Аспергилл


Aspergillus niger





Mucor



Penicillium



Актиномицеттер – грамоң микроорганизмдердің үлкен тобы, олардың клеткалары тармақталуға қабілетті. Көптеген актиномицеттер қоректік ортаға еніп өсетін субстратты мицелий түзеді. Ауалы мицелийдің гифтерінің ұшында споралар немесе споралар бар спорангийлер қалыптасады. Актиномицеттер спора арқылы, клеткалардың бөлінуі немесе тармақталуы арқылы көбейеді. Спора түрін, спора формасын зерттеу үшін актиномицеттердің колониясынан таңбалы препарат дайындайды. Таңбаны ауада кептіріп, жалында бекітеді де, фуксинмен бояп, сумен жуады. Микроскоп арқылы препаратта мицелийдің бөліктері, спора түзу түрі, споралардың формалары көрінеді.



ЖҰМЫСТЫҢ БАРЫСЫ

1. Саңырауқұлақтардан «жаншылған тамшы» препарат жасау. Суретін салып алу.

2. Зең саңырауқұлақтарының Петри табақшаларындағы қатты қоректік ортаның бетінде өскен колонияларын зерттеу. Суреттерін салу және сипаттау.

Салыстырмалы белгілері	Мукор	Пеницилл	Аспергилл	Актиномицеттер
Тіршілік ортасы				
Мицелийдің құрылымдық ерекшеліктері				
Көбею әдісі				
Табиғаттағы маңызы				
Суреті				

Қорытынды: